

Бекітемін \_\_\_\_\_  
№7арнайы түзету мектеп-интернат  
директоры Жуматова П.А  
«28» тамыз 2023 жыл

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие  
бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен  
2023-2024 оқу жылына арналған  
КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ**

**2023-2024 оқу жылы.**

## **КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ**

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.***

**Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:**

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

### **Ар-ұят құндылығы:**

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірімшесі екенін сезіну.

### **Күтілетін нәтижесі:**

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет

көрсетеді.

### **Талап құндылығы:**

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және команда мен жұмыс істей білу; -

Білуге, жаңаны тануға құштар болу;

- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;

### **Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды



| № | Іс-шара атауы  | Сыныптар     | Ұйымдастыру түрі                         | мерзімі   | Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы | Аяқталу нысаны                                    | Жүзеге асырушы жауапты мамандар   |
|---|--|--------------|--|---|---|---|---|
| 1 | <p>«Жалпы Республикалық «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру, жоспарын бекіту;</p> <p>2023-2024 оқу жылында тәрбиешілердің тәрбие жоспарын бекіту.</p> <p>1-қыркүйек- Білім күніне арналған <b>«Мектебiм-мейiрiм мекенi»</b> салтанатты жиынын өткізу</p> <p>Білім күніне байланысты сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралар өткізу. «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, болдырмау мақсатында бірлескен жұмыстар жоспарын жасау</p> <p>Мектеп оқушыларының сабаққа қатысуын қамтамасыз ету</p> <p>Әкімшілік арасында мектепшілік кезкешілігін ұйымдастыру</p> | 1-9 сыныптар | <p>акциясын</p> <p>салтанатты жиынын</p> | <p>28 тамыз</p> <p>Қыркүйек</p> <p>Тоқсан сайын толықтыру</p> |   | <p>анықтама</p> <p>Әлеуметтік желіге жариялау</p> | <p>ДТІЖО, әлеуметтік педагог ДТІЖО</p> <p>Тәлімгер Сынып жетекшілері, топ тәрбиешілері</p> <p>ДТІЖО,әлеуметтік педагог,психолог.</p> <p>ДОІЖО,ДТІЖО</p> |

|   |  |              |                     |             |   |                            |                                  |
|---|--|--------------|---------------------|-------------|---|----------------------------|----------------------------------|
| 2 | <b>«Отбасым-бақыт мекенім»</b>   |              | тренинг             | 15.09.2023ж | Ата-аналармен   | Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп психологі, тәлімгер       |
| 3 | <b>«Арнайы білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие және түзету процесін ұйымдастыру»</b> |              | Тәжірибелік іс-шара | 15.09.2023ж | «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы Қызылорда обл. даму институты | Әлеуметтік желіге жариялау | Байлова Ж, Әбдиева А             |
| 4 | <b>«Құқық бұзушылықтың алдын -алу»</b>   | 7-9 сыныптар | кездесу             | 29.09.2023ж | ҚПБ Жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекторы Дәуірбек Қазырбекұлы                       |                            | Тәлімгер Төлеп Шолпан            |
| 5 | <b>«Булинг және кибербулинг»</b>   | 7-9 сыныптар | Дөңгелек үстел      | 10.10.2023ж | Обл. салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы маманы Зарина Абдирова               | Әлеуметтік желіге жариялау | ДТЖО, мектеп психологі           |
| 6 | <b>«Балалық шақ-бақытымыз»</b>   | Аралас топ   | Концерттік іс-шара  | 20.10.2023ж | Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы   | Әлеуметтік желіге жариялау | Тәлімгерлер: Каренева Г, Төлеп Ш |
| 7 | <b>«Күн сәулелі балалар»</b>   | Аралас топ   | Мерекелік іс-шара   | 27.10.2023ж | Қызылорда қалалық білім басқармасы  | Әлеуметтік желіге жариялау | Мейзамова Г<br>Жоламанова Ш      |
| 8 | <b>«Зиянды заттардан аулақ бол»</b>  | 7-9 сыныптар | Дөңгелек үстел      | 17.11.2023ж | Обл. психикалық денсаулық орталығының валеологі Байдусенова К                         | Әлеуметтік желіге жариялау | Нұразаева Ғ,<br>Жоламанова Ш     |

|    |  |              |                        |             |   |                            |                         |
|----|--|--------------|------------------------|-------------|---|----------------------------|-------------------------|
| 9  | «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»             | 7-9 сыныптар | Дөңгелек үстел         | 07.12.2023ж | Обл.жастар денсаулық орталық психологі Әбсамат Еркебұлан                                      | Әлеуметтік желіге жариялау | ДТІЖО, мектеп психологі |
| 10 | «Қыз намысы-ұлт намысы»                      |              | Ақпараттық -түсіндірме | 13.12.2023ж | Қызылорда обл.білім басқармасы(№05-06\5520 хатын сәйкес)                                      | Әлеуметтік желіге жариялау | ДТІЖО, мектеп психологі |
| 11 | «Досбол LIKE, Достық қолын ұсын»             | Аралас топ   | акция                  | 17.01.2024ж | «Жылы жүрек» жастар қоғамдық қоры басшысы Сиюов С, қамқоршылық кеңес мүшесі Айтбенбетов Б     | Әлеуметтік желіге жариялау | ДТІЖО, тәлімгер         |
| 12 | «Өнер қонған отбасы»                         | Аралас топ   | кездесу                | 20.02.2024ж | Жергілікті айтыскер ақын Ыдырысов С   | Әлеуметтік желіге жариялау | Қазыбаева Ж             |
| 13 | «Поэзияның асқаршыңы-Мұқағали»               | 5-7 сыныптар | Әдеби кеш              | 23.02.2024ж | Ә.Тәжібаев кітапханасы Жанар  | Әлеуметтік желіге жариялау | Қаниева Л               |
| 14 | «Оқушылар арасында вейп тұтынудың алдын алу» | 7-9 сыныптар | Іс-шара                | 10.04.2024ж | Қызылорда қалалық полиция басқармасының ЖПҚБ ЮПБ ювеналды бөлімшелік инспекторы Артықова Е.С. | Әлеуметтік желіге жариялау | ДТІЖО, мектеп психологі |

|    |   |              |                       |              |                                      |                            |  |
|----|---|--------------|-----------------------|--------------|--------------------------------------|----------------------------|--|
| 15 | <b>«Мамандықтың бәрі жақсы»»</b>  | 9 сынып      | саяхат сабақ          | 18.04.2024ж  | №6,7 мамандандырылған колледж        | Анықтама                   | ДТІЖО,9сынып жетекшілері мен тәрбиешілер             |
| 16 | <b>«1 Мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні»</b>  | 1-9 сыныптар | Мерекелік кеш         | 30.04.2024ж  | Қызылорда «Достық үйі» (ассамблеясы) | анықтама                   | Қазыбаева Ж, Мейзамова Г                             |
| 17 | <b>«Күлімдесе көкте күн, күлімдейді балалар»</b>  | Аралас топ   | Ойын-сауық орталығына | 22.05.2024 ж | Ойын-сауық орталығына қонақта        | Әлеуметтік желіге жариялау | ДТІЖО,тәлімгері тәрбиешілер                          |
| 18 | <b>«Сыңғырла соңғы қоңырау»</b>   | 1-9 сыныптар | Соңғы қоңырау         | 25.05.2024 ж | Облыстық білім басқарасы             | Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері мен тәрбиешілер |
| 19 | <b>Оқушылардың жазғы демалыс кезінде бос уақытының қамтылуы бойынша ата-аналарға тиімді кеңес беру.</b> | 1-9 сыныптар | Кеңес                 | 28.05.2024 ж | Облыстық білім басқарасы             | Әлеуметтік желіге жариялау | Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері мен тәрбиешілер |









